Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ

1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

TORAIGHYROV UNIVERSITY

ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 3 (2021)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269
выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

https://doi.org/10.48081/FQUO1167

Бас редакторы – главный редактор
Бурдина Е. И.
д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора — Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*
Ответственный секретарь — Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,	*д.п.н., профессор*
Жуматаева Е.,	*д.п.н., профессор*
Абибулаева А. Б.	*д.п.н., профессор*
Фоминых Н. Ю.,	*д.п.н., профессор (Россия)*
Снопкова Е. И.,	*к.п.н., профессор (Белоруссия)*
Мирза Н. В.,	*д.п.н., профессор*
Донцов А. С.,	*доктор PhD*
Шокубаева З. Ж.,	*технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

ҒТАМР 14.35.07

https://doi.org/10.48081/UORQ2480

Ж. Н. Молдабеков, Е. Жуматаева
Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БІЛІМАЛУШЫЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ӨРКЕНДЕТУДІҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Мақалада тұжырымдамалық өріспен және метаметодикалық тұрғыда қарастырылып, шетел және ресей, отандық зерттеушілердің даналық және білім философиясы мен педагогика, психология, мәдени-этикалық, эстетикалық еңбектерді талдап, оның әдіснамалық парадигмасының негіздері сараланды. Әдіснамалық негіздің құралы ретінде табиғи болмысқа қажетті эстетикалық талғамның тағылымдары жинақталып, трансформацияланды. Салыстырмалы-тарихи әдіспен, ретроқағида тұрғысында ой-пікірлердің түзілімдері құрылды. Жалпылықтан жалқылыққа жіктеліп, матрицалар құрылды, логикалық, абстракциялық, құбылыстарды суггестивтік әдіспен қабылдаудың түрлері ұсынылды.

Эстетикалық талғамның тағылымын айқындап, оны феноменді логикалық, герменевтикалық, жүйелілік, ғылымилық қағидалары қолданылып, контексті тұрғыдан парадигмаға түсірілді. Тағылымды тұтастықта алу, оның модернизация кеңістігіндегі алатын орны, ізгілендірудің эстетикалық талғамға оңтайлы ықпалы талданды, сараланды, тағылымының тұлғалық болмыс, оның қызметі, сананың оңтайлы жақта болу заңдылықтары жүйеленді.

Тағылымның әдіснамалық бағамы жинақталып, дәстүрдегі және альтернативті түрлерінің іргелі білім парадигмасының ерекшеліктері бағамдалды. «Жеке мүмкіндік» яғни стохастикалық парадигманың ойша бейнелеу қабілетін өркендетудің аксиологиялық деңгейі анықталды. Қазіргі білім беру мәселесінде сирек кездесетін аксиология мен эмпирикалық және стохастикалық парадигмалардың эстетикалық талғамды өркендету траекториясына ықпалының мәні ашылды.

Кілтті сөздер: эстетикалық талғам, этика, стохастикалық парадигма, суггестив, рухани келбет, интеграция.

Кіріспе

ЖОО-дағы білімалушылардың эстетикалық талғамын алға ұдайы ілгерілетуде оның атқарар қызметін айқындап алған орынды. «Эстетика» ұғымы сонау ықылым заманнан бері «сұлулық» мағынасында қолданып келеді. «Эстетика» ұғымымен қатарлас қолданымда жүретін «Этика» категориясы екені жаңалық емес. «Этика» ұғымына Әбу Насыр Әль-Фараби танымында үш бұрышпен түсіндіріледі, алгоритммен сараласақ, бірінішісі – ілтипат; екіншісі – ниеті түзу; үшіншісі – көңілі кіршіксіз [1]. Сұлулықты бойға дарытудың бірінші амалы – ілтипатты болуы, екіншісі – ұдайы ниетті таза ұстауы, үшіншісі – көңілдің алаңсыздығын сақтауы. Эстетикалық талғамды заман мүддесіне сәйкестендіріп отыру, оған жаңа дүниетанымның тағылымын табу парадигмасы сонда ғана нәтижеге бағдарланбақ.

Ішкі сұлулықтың Абай шығармашылығындағы «Рухы биік болу» заңдылығын төмендегі түзіліммен ұсынып отырмыз: ар, талап, сабыр, намыс, терең ой, терең ғылым, ұяты мол [2].

Байқап отырғанымыз не? Бұған жауап, ЖОО-нда білімалушылардың суггестивті ойша сурет салу өнерін білім философиясымен негіздеудің әдіснамалық негіздері жоғарыдағы тағылымдармен сараланды.

Эстетикалық тәрбие мәселесіне М. Жұмабаев айрықша мән беріп, оның феноменін былай анықтаған:

1) Алдымен білімалушынын мүмкіндігін диагностикадан өткізу;

2) Эстетикалық көзқарасын ояту, ілгерілету;

3) Түйсіктің сезім нүктелерін тауып, оның бағалау алу рефлексиясын іске қосу;

4) Таным тағылымын қабылдау арқылы өркендету амалдарын табу, оның индивидтік ерекшеліктеріндегі феноменін ашу;

5) Көрген, сезген, шашқан, жағымды иіс секілді түйсіктің саңылау арқылы өркендете алу шеберлігін ұштау [3].

Қарап отырсақ, бұл эстетикалық тәрбиенің жалпы мәселелерін шешу екені байқалды.

Бұл орайда, А. Құнанбайұлының табиғат туралы өлеңдері білімалушылардың эстетикалық тағылымын өркендетуге бірден-бір қозғаушы күш [4]. Өкінішке орай, жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектері күні бүгінге дейін бейнелеу өнерінің зерттелу нысанына тағылым ретінде пайдаланылмай келеді. Осындай, тығырыққа тірелген көкейкесті мәселе поэтикалық ірімдердің, прозалық шығармалардың, драмалық өнердің жалпы, бір сөзбен айтқанда, жоғары оқу орнында білімалушылардың эстетикалық талғамын өркендетудің тағылымы жоғарыдағы зерттеуші-даналардың еңбектерінде арнайы зерттелмегені байқалды.

Эстетикалық тәлім жайлы еңбектерді зерттеу барысында төмендегідей қайшылықтар анықталды:

Заман сұранымы ЖОО-да білімалушылардың эстетикалық тағылымының өркендеуі мен оның бала бақша мен мектеп төңірегіндегі эстетикалық жалпы тәрбиеге басымдық берілуі арасында;

ЖОО-дағы білімалушылардың суггестивті сезімдерінің өркендеуі мен оның мүлдем эстетикалық талғам деңгейінде қарастырылмауының арасында;

Өнер туындыларын білімалушылардың ойша суретке салу шеберлігінің ұшталуы мен оның өте сирек қолданымда зерттелуінің арасында.

Болжамы: егер ЖОО-дағы білімалушылардың эстетикалық талғамы анықталса, олардың өздігінен ынталылығы артса, оны алға ілгерілетуде өркендетудің тағылымы сараланса, онда білімалушылар силлогизммен құбылыстардағы бейнелерді ойша суретке салу шеберлігі ұшталады.

Сондықтан біздер мақаламыздың мақсатын: ЖОО-да білімалушылардың эстетикалық талғамын өркендетудің тағылымын анықтау және оны эксперименттен өткізу.

Зерттеудің нысаны: ЖОО-ндағы білімалушылардың эстетикалық талғамын, тағылымын өркендету үдерісі.

Пәні: ЖОО-ндағы білімалушылардың эстетикалық талғамының тағылымы.

Зерттеудің міндеттері:

1 ЖОО-нда білімалушылардың эстетикалық талғамын анықтау;

2 ЖОО-нда білімалушылардың ынтасын арттырудың амалдарын айқындау;

3 ЖОО-нда білімалушылардың эстетикалық талғамын өркендетудің тағылымын құру.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу еңбегіміздің тақырыбын айқындайтын «Жоғары оқу орнында білімалушылардың эстетикалық талғамын өркендетудің тағылымы» тақырыбын таңдау мақсатында бірталай зерттеушілердің еңбектерін зерделеп, ондағы біздердің зерттеу нысанымызға қатысты тұстарын жеке саралау мен үйлесімдікке келе бермейтін жақтарын анықтап, көкейкесті мәселені айқындау екеніне мән берілді. Бұл жағдайда, біздер қазіргі модернизация кеңістігінде ұлттық білімнің рухани дағдарыстық күй кешуде деген түйінді ой туып отырған жоқ. Десек те, «адами келбеттің руханилығы» тұрғысындағы сананың жұтаңдануын жасыра алмайтын жағдай туындап келеді. Эстетикалық тәлімнің біліммен тұтас қабылдануы, оған қоғамдық ғылым кеңістігіндегі жаңаша дүниетаным құра алу шеберліктің жетімсіздігінен әлеуметтік сұранымға сәйкес келерлік қажетсіну уәждің

білімалушылар тарапынан қолдау көрсетудің төмен екендігіне мән бермеудің өзі адамзатты төмен деңгейге тартатынын түсінгеніміз абзал. Жаңа «эстетикалық талғамы» биік келбетті құра алу тұлғалық болмыстың жаңа бетбұрыс жасап, өзінің санасын руханияттық келбетке бейімдей алуда тұтастық қағидаға сүйенуі көзделеді. Міне, осы мәселе бұрынғы дәстүрлі эстетикалық талғаммен қайшылыққа түсуде. Бұл көкейкесті мәселені қалай шештік? – деген сауалға жауап төмендегі талдау мен феноменін табу тағылымынан іздестірдік, оны зердеден өткіздік.

Этикалық білім мен тәрбиені тұтастай қарастырған ғаламдық деңгейде И. Кант, М. Хайдеггер, А. Шопенгауэр. Аталған ғалым-даналар өз еңбектерінде «рухы биік тұлға» келбетін құрудың педагогикалық негізін пәлсапалық тұрғыда айқындаған. Ретроқағидамен зерделенген бұл еңбектердің ешуақытта тозбасын ескергеніміз жөн.

Адамның рухының күш алуы оның ішкі жандүниесінің білімилік тірекке сүйенген гумандық, ізгілікті ұстанымына бағынышты екендігіне талданып отырған еңбектерде дәлелдер жеткілікті. Бұндай ізгілікті тұғырнамаларды өз зерттеулеріне нысана ретінде қарастырғандар: Дж. Дьюи, А. Маслоу, Г. Шаррельман және т.б. Педагогика ілімінде эстетикалық көкейкесті мәселені анықтап, адамның біліктілігі ізгілікке бағдарланса, бақытты болудың бір салдарынан ынталылықтың тууын, қажеттілігін ұдайы өздігінен өркендете алу зәрушілігін анықтай алар іскерлік жөнінде тұжырымдар ұсынғандар: А. Клейнап, Ф. Г. Кумбе, А. Швейцер, К. Эллис және т.б. Этикалық факторды жаһандану үдерісінде зерделегендер: Э. Гутман, Г. Орфилд, Дж. Патрик, К. Реанн және т.б.

Жоғарыда зерделенген, талданған еңбектерден біздердің зерттеуімізге тірек болар түзілімдер төмендегідей:

– этикалық білім мен эстетикалық тәрбиені тұтастай алуымыз;

– адамның рухының күшейе түсуіне оның ішкі жандүниесінің білімилік тірекке сүйенген гумандық-ізгілікті ұстанымын анықтауымыз;

– ізгілікті тәлімнің эстетикаға жағымды әсер етіп, адамның бақыт шақыруының салдарын ашуымыз;

– адамның біліктілігі ізгілікті тәлімге бағынса, оның бақытты болуының ынталасатынына өзінің эстетикалық талғамының қажеттілігі мен зәрушілігін бағамдайтын іскерліктің пайда болатынына мән беруіміз.

Тұжырымдамалық өріспен және метаметодикалық тұрғыда қарастырылып, шетел және ресей, отандық зерттеушілердің даналық және білім философиясы мен педагогика, психология, мәдени-этикалық, эстетикалық еңбектерді талдап, оның әдіснамалық парадигмасының негіздері сараланды. Әдіснамалық негіздің құралы ретінде табиғи болмысқа қажетті

эстетикалық талғамның тағылымдары жинақталып, трансформацияланды. Салыстырмалы-тарихи әдіспен, ретроқағида тұрғысында ой-пікірлердің түзілімдері құрылды. Жалпылықтан жалқылыққа жіктеліп, матрицалар құрылды, логикалық, абстракциялық, құбылыстарды суггестивтік әдіспен қабылдаудың түрлері ұсынылды.

Тағылымның әдіснамалық бағамы жинақталып, дәстүрдегі және альтернативті түрлерінің іргелі білім парадигмасының ерекшеліктері бағамдалды. «Жеке мүмкіндік» яғни стохастикалық парадигманың ойша бейнелеу қабілетін өркендетудің аксиологиялық деңгейі анықталды.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу жұмысының жаңалығы білім философиясы мен тағылымдық мәселелерді шешуімен, метаметодика тұрғысында феномендігі эстетикалық талғамды тағылымдық негізде өркендетудің онтологиялық, гносеологиялық, аксиологиялық мәнде зерттелді. Бұл мақалада инновациялық технологияны жеке мүмкіндікке пайдалану амалдары қарастырылды.

Ғылыми жаңалықтар төмендегі нәтижелермен зерделенді:

1 ЖОО-нда білімалушылардың эстетикалық талғамын өркендету мүмкіндігі «Рухы биік тұлға» келбетін құратын амалдар;

2 Әрбір білімалушының жеке болмысындағы бейнелеу өнерін суггестивті әдіспен өркендетудің тағылымы;

3 Нұсқалы талдау, феноменінің мәнін анықтау парадигмасын әрбір білімалушының өздігінен ынтасын арттыру іскерлігі мен жеке мүмкіндігін ескеріп, өздігінен эстетикалық талғамын өркендетер қажеттілігі мен зәрушілігін ұдайы анықтай отырып шешуінің тағылымдары сараланды.


Зерттеу жұмысының әдіснамалық-тағылымдық негіздері. Жалпы тәрбие мәселелерінің әдіснамалық және философиялық негіздерін Әбу Насыр әль-Фараби, Ж. Баласағұн, Қожахмет Иасауи, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов және т.б. еңбектерін зерттеу арқылы бернеледік.

«Бейнелеу өнері мен сызу» мамандығына қатысты мұғалім-ұстаздар даярлауды қарастырған ғалымдар: В. С. Кузин, М. Н. Сокольникова, А. С. Хворостов, Т. Я. Шпикалова, Ю. В. Юсов және т.б [5].

Қазақстанның жоғары оқу орындары мен мектептердегі бейнелеу өнеріне қатысты зерделеген зерттеушілер: Қ. Ә. Әмірғазин, Қ. Ералин, Б. К. Байжігітов, Ә. О. Қамақов, Т. К. Мусалимов, Ұ. Ибрагимов және т.б. Дегенмен, аталып отырған зерттеушілердің еңбектерінде ЖОО-ндағы білімалушылардың эстетикалық талғамын өркендетудің тағылымы қарастырылмаған және ондай мақсат көзделмеген [6].

Жүсіп Баласағұн еңбегінде сұлулықтың этикалық тірегі – сабырлылық деген түйіндеме ұсынылған [7].

Сабырлы болудың заңдылығын біздер төмендегідей матрицаға салдық.



Сурет 1 – Жүсіп Баласағұнның «Сабырлы бол» заңдылығының амалдары

ЖОО-ндағы білімалушылардың эстетикалық талғамын өркендету үдерісінде тағылымдық негіздерді білім мазмұнынан қабылдай алу іскерлігімен жинақтай алады. Бұл жағдайда, біздер барлық білімалушы субъектілерге бірдей тағылымық рецепт бере алмаймыз,ол мүмкін де емес. Бірақ бәріне ортақ заңдылықтар оқуға қатысты алынған нысанның сұлулықты этикалық талғаммен қабыстыратындай маңыздылығына мән берілуі көзделеді. Мәселен, сырт келбеттің суретін жай көшірме ретінде салған суретшінің еңбегінен ішкі рухы биік тұлғалы болмысты бейнелей алған суретшімен салыстыруға бола ма? Бірінші суретшінің беделі Леонардода Винчидің Джокондасындай болмайтыны шындық [8].

Біздердің негізгі екпін берер тұсымыз – педагогика ғылымында эстетикалық талғамды ойша суретке түсіру мәнісінде өркендетудің тағылымын саралау. Бұл орайда, ЖОО-дағы білімалушылардың алғашқы деңгейлерін эксперименттен өткізу міндеттеледі. Мәселен, А. Құнанбайұлының «Қыс» өленін авторлық ұстанымымен білімалушы ойша суретке сала ала ма? – деген сауалға жауап іздеу – диагностиканың алғашқы нысаны.

Бұнда біздер өлеңді

1) Таза табиғат көрінісі;

2) Қыстың адамзатқа зиянды тұсы;

3) Жас балалар мен малшылардың домбығып үсік шалуға ұрынғандарының кейіптері;

4) Жылқының қыс ауыртпалығына шыдамының таусылуы;

5) Қыспен бірге қасқырдың малға тұмсығын салуы;

6) Қасқыр жегенше адамдар өз малдарын өздері жесін деген құбылыстарды алдымен ұғымдар арқылы түйсіну амалдары көзделеді. Жоғарыдағы өлең мәтінінен алынған 6 құбылыстың түп-нұсқасын ойша ЖОО-ндағы білімалушы суггестивке сала ала ма? Міне, осындай жұмысты диагностика нысанына пайдалану арқылы оны өнімге айналдыру мәселесі диагностиканың екінші қадамына жатады [9].

Болашақ суретшілерге білім меңгертер бүгінгі білімалушылардың ғылыми-тағылымдық сауаттылықтары жеткіліксіз болғанда, олар модернизация мүддесіне унификацияланатын сурет сала алмайтынының салдары осыдан екенін аңғардық. Шетел ғалым-зерттеушілері «Сала құлаш» мәлімдеме бермей, шағын, бірақ құбылыс пен үдеріске, былайша айтсақ, эмпирикалық парадигмаға сай келер хронометрі шағын білім мазмұнының бір бөлшек кесіндісін беретінін қазақстандық ғалымдар бағзы заманнан біледі [10]. Десек те, өте ауыр, түсініксіз білім мазмұнынан ойша суретті салу мүмкіндігі болмағандықтан, эстетикалық талғамның тағылымын ЖОО-ндағы білімалушыларға меңгерту қиын. Осы тоқталып отырған 2 кезеңнен тұратын диагностиканың қорытындысы Торайғыров университетінің студенттерімен (мамандығы) өткізілді. 150 білімалушылардың диагностиканың екі кезеңінен репродуктивті деңгейдегілері – 112-сі, 38-і – эвристикалық деңгейге сәйкес келеді. Өкінішке орай, эксперименттің алғашқы анықтаушы кезеңі көңілге қиындық әкелді. Келесіде осы кезеңнің үшінші деңгейі өткізіледі.

ЖОО-ндағы білімалушылардың эстетикалық талғамын өркендетудің тағылымы олардың қарастыратын білім мазмұнына тікелей байланысты.

Қорытынды

ЖОО-ндағы білімалушылардың эстетикалық талғамын өркендетуде ойша суретке салуы олардың ойлау өнерлерінің мүмкіндігіне сәйкесіп келетіні анықталды. Диагностика өткізу арқылы біздер әрбір жеке мүмкіндіктің сабақтан сабаққа дейінгі аралықта қабылдау үдерістері белгісіз болғандықтан, ұдайы диагностика алудың мәнділігі байқалды. Бұл стохастикалық парадигмамен бағамдалып, ЖОО-ндағы білімалушының онтологиялық жеке тұлғалық қабілетінің ескерілуі қадағаланды. Бұл – психологиялық нысан мен педагогикалық интеграциясымен жүргізілуі.

Алгоритмдік, эмпирикалық парадигмалар ЖОО-ндағы білімалушылардың білім мазмұнынан құбылыстар мен үдерістерді алгоритмге түсіре алу тағылымы сынақтан өтті. Ойша оны суггестивке түсіріп, ізінше одан өнім жасау қарастырылды. Жұмыстың бұл түрінде тағылымдық таным траекториясы есептелді.

Жоғарыдағы парадигмалардың қосындысынан ЖОО-ндағы білімалушылардың заман талабына сай өздігінен зерттеу жүргізе аларлық деңгейі құндылықтарды саралай алу іскерлігіне бағдарлануын қамтамасыз етуі бағамдалады. Бұған жетудің әлі бастамасы ғана қамтылды. Түбінде бұл аксиологияға айналуы – болашақ болжамы.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Машанов, А.** Әл-Фараби және Абай. – Алматы : Қазақ университеті, 2020. – 219 б.

2 Абай (Ибраһим Құнанбаев). Өлең – сөздің патшасы. – Алматы : Дәуір, 2006. – 566 б.

3 **Жұмабаев, М.** Педагогика. – 3-ші бас. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 160 б.

4 Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы : Жазушы, 2002. – 296 б.

5 **Сокольникова, Н. М.** Изобразительное искусство и методика его преподавания в начальной школе: учебное пособие. – 4-е изд. – М. : издательский центр «Академия», 2008. – 368 с.

6 **Амиргазин, К. Ж.** Теоретические основы и методика обучения школьников казахскому декоративно-прикладному искусству. М., 1994.

7 **Ахметов, Т.** Жүсіп Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеялары: пед. ғылы.канд...автореф: ... 13.00.01. – Астана, 2013. – 56 б.

8 **Suyundikova, M. K., Zhumataeva, E. O., Suyundikov, M. M., Snopkova, E. I.** Prerequisites defining the trajectory of creative thinking // Obrazovanie i Nauka, 2021. – 23(3). – С. 75–100.

9 **Жуматаева, Е.** Основы современной дидактики: Учебное пособие / Е. Жуматаева. – Алматы, издательство «Эверо», 2016. – 126 с.

10 **Маслоу, А.** Мотивация и личность: 3-е изд. – Питер, 2019. – 400 с.

References

1 **Maşanov, A.** Äl-Farabi jäne Abai [Al-Farabi and Abay]. – Almaty : Qazaq universitetı, 2020. – 219 b.

2 **Abai** (İbrahim Qūnanbaev). Öleñ – sözdıñ patşasy [Abay (Ibrahim Kunanbayev). Poetry is the king of words]. – Almaty: Däuır, 2006. – 566 b.

3 **Jūmabaev, M.** Pedagogika [Pedagogy. - 3rd ed]. – 3-şı bas. – Almaty : Ana tılı, 1992. – 160 b.

4 **Abai.** Şyğarmalarynyñ ekı tomdyq jinağy: Öleñder men audarmalar [A two-volume collection of his works: poems and translations]. – Almaty : Jazuşy, 2002. – 296 b.

5 **Sokol`nikova, N. M.** Izobrazitel`noe iskusstvo i metodika ego prepodavaniya v nachal`noj shkole: uchebnoe posobie [Excellent art and methodology of its preparation in the first school: educational address]. – 4-e izd. – M. : izdatel`skij centr «Akademiya», 2008. – 368 s.

6 **Amirgazin, K. Zh.** Teoreticheskie osnovy` i metodika obucheniya shkol`nikov kazaxskomu dekorativno-prikladnomu iskusstvu [Theoretical foundations and methods of teaching schoolchildren of the Kazakh decorative and Applied Art]. – M., 1994.

7 **Ahmetov, T.** Jüsıp Balasağūnidıñ tälım-tärbielık ideialary: ped.ğyly. kand...avtoref: ... 13.00.01. [ducational ideas of Zhusup Balasaguni]. – Astana, 2013. – 56 b.

8 **Suyundikova, M. K., Zhumataeva, E. O., Suyundikov, M. M., Snopkova, E. I.** Prerequisites defining the trajectory of creative thinking // Obrazovanie i Nauka, 2021. – 23(3). – C. 75–100.

9 **Zhumataeva, E.** Osnovy` sovremennoj didaktiki: Uchebnoe posobie [Fundamentals of modern didactics]. – Almaty`, izdatel`stvo «E`vero», 2016. – 126 s.

10 **Maslou, A.** Motivaciya i lichnost`: 3-e izd [Motivation and personality]. – Piter, 2019. – 400 s.

Материал 09.09.21 баспаға түсті.

**Ж. Н. Молдабеков, Е. Жуматаева*
Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 09.09.21.

ТЕОРИЯ РАЗВИТИЯ ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВКУСА ОБУЧАЮЩИХСЯ В ВУЗЕ

В статье рассмотрены концептуально и метаметодически, проанализированы основы методологической парадигмы зарубежных

и российских, отечественных исследователей философии мудрости и знания, и педагогики, психологии, культурно-этических, эстетических трудов. В качестве инструмента методологической основы были обобщены и трансформированы знания эстетического вкуса, необходимые для естественного бытия. Классифицировались от обобщенного к скучному, строились матрицы, предлагались виды логического, абстракционного, суггестионного восприятия явлений.

С точки зрения контекстуальной парадигмы, с использованием феноменологических логических, герменевтических, системных, научных принципов. Проанализированы, дифференцированы, систематизированы закономерности личностного бытия, его деятельности, нахождящиеся в пространстве модернизации, и влияния гуманизации на эстетический вкус.

Обобщен методологический курс практики, оценены особенности парадигмы фундаментальных знаний как традиционных, так и альтернативных видов. Выявлен аксиологический уровень развития личностной возможности, т.е. мыслительной способности стохастической парадигмы. Раскрыта сущность аксиологии и влияния эмпирической и стохастической парадигм, редко встречающихся в проблеме современного образования, которые влияют на траекторию развития эстетического вкуса.

Ключевые слова: эстетический вкус, этика, стохастическая парадигма, суггестивность, духовный облик, интеграция.

**Zh. N. Moldabekov, E. Zhumatayeva*
Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 09.09.21.

THEORY OF THE DEVELOPMENT OF AESTHETIC TASTE OF STUDENTS AT THE UNIVERSITY

The article considers conceptually and metametodically, analyzes the basics of the methodological paradigm of foreign and Russian, domestic researchers of the philosophy of wisdom and knowledge, and pedagogy, psychology, cultural-ethical, aesthetic works. As a tool of the methodological basis, the knowledge of aesthetic taste necessary for natural existence was generalized and transformed. They were classified

from generalized to boring, matrices were constructed, types of logical, abstract, and suggestive perception of phenomena were proposed.

From the point of view of the contextual paradigm, using phenomenological logical, hermeneutic, systemic, scientific principles. The regularities of personal existence, its activity, being in the space of modernization, and the influence of humanization on aesthetic taste are analyzed, differentiated, and systematized.

The methodological course of practice is summarized, the features of the paradigm of fundamental knowledge of both traditional and alternative types are evaluated. The axiological level of development of personal capability, i.e. the thinking ability of the stochastic paradigm, is revealed. The essence of the axiology and the influence of empirical and stochastic paradigms, rarely found in the problem of modern education, which affect the trajectory of the development of aesthetic taste, is revealed.

Keywords: aesthetic taste, ethics, stochastic paradigm, suggestiveness, spiritual appearance, integration.

Теруге 09.09.2021 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2021 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,31 Mb RAM
Шартты баспа табағы 28,0.
Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген З. С. Искакова
Корректоры: А. Р. Омарова
Тапсырыс № 3810

Сдано в набор 09.09.2021 г. Подписано в печать 30.09.2021 г.
Электронное издание
4,31 Mb RAM
Усл.п.л. 28,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка З. С. Искакова
Корректор: А. Р. Омарова
Заказ № 3810

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
8 (7182) 67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
pedagogic-vestnik.tou.edu.kz